

*Н.А. Досымбетов\*<sup>1</sup>, С.З. Раздыков<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан, Астана қ.,  
Ш.Ш.Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері,*

*Алматы қ., Қазақстан  
E-mail: nur\_dos88@mail.ru*

<sup>2</sup> *Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан  
E-mail: rasdikov@mail.ru*

## **XIX ҒАСЫРДАҒЫ КЕЛЕС ӨЗЕНІ БОЙЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ (ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)**

### *Аңдатпа*

Мақалада Келес өзенінің бойын жайлаған қазақ ру-тайпаларының суландыру жүйесіне жан жақты шолу жасалады. Келес алқабы ежелден отырықшылық өркениет қалыптасқан өлке болғандығын қаңлы мәдениетінің іздері болып табылатын қалалар мен елді мекендердің орындарының бүгінгі күнге дейін жетуі дәлел бола алады. XIX ғасырдың аяғында Келес өзенінің бойындағы территория Ташкент уезінің Алтын, Болат болыстарының құрамында болды. Аталмыш кезеңде Келес алқабын мекен еткен халықтар арық қазып, егіншілікпен айналысқан. Келес өзенінен саға алған арықтардың дені ру аттарымен аталады. Бұл арықтардың осы өңірді мекендеген ру-тайпалар тарапынан қазылғандығын және соларға тиесілі болғандығын нақтылай түседі. Мақалада патша үкіметі тұсындағы орыс саяхатшылары мен зерттеуші-лерінің еңбектерімен қатар кеңестік кезеңдегі су шаруашылығына қатысты зерттеулер де қарастырылды. Ал, жергілікті авторлардың шежірелік еңбектері ру-тайпалардың қалыптасу және орналасу тарихын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, автор тарапынан 2020-2021 жж. жүргізілген далалық этнографиялық экспедициясының материалдары пайдаланылды.

**Түйін сөздер:** Келес, Түркістан, қарабура, суды пайдалану дәстүрі, суландыру жүйесі, арық, канал, шығыр.

*N.A. Dossymbetov \*<sup>1</sup>, S.Z. Rasdykov<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *PhD candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Kazakhstan, Astana,*

*junior researcher at the Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Almaty,  
Kazakhstan*

*E-mail: nur\_dos88@mail.ru*

<sup>2</sup> *Candidate of historical sciences, docent, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana  
E-mail: rasdikov@mail.ru*

## **THE IRRIGATION SYSTEM OF THE KAZAKH IN THE KELES RIVER VALLEY IN THE 19TH CENTURY (BY THE MATERIALS OF FIELD ETHNOGRAPHIC EXPEDITIONS)**

### *Abstract*

The article provides a comprehensive overview of the irrigation system of the Kazakh tribes in the Keles River valley. Evidence that the valley of the Keles River was the land of ancient civilizations is the fact that traces of settlements and sites of the Kangyui culture exist here today. At the end of the 19th century, the Keles river valley was part of the Altyn and Bolat volosts of the Tashkent district. During this period, the peoples of the Keles valley dug ditches and were engaged in agriculture. Most ditches from the Keles River are named after local tribes. This confirms that ditches were dug by local tribes that inhabited the valley and belonged to them. The article deals with the work of Russian travelers and researchers from the times of the tsarist government, as well as studies of the water management of the Soviet period. And the genealogical books (shezhire) of the authors of the region in question allow us to determine the history of the formation and

settlement of tribes in the Keles river valley. In addition, the author used materials from a field ethnographic expedition conducted by him in 2020-2021.

**Keywords:** Keles, Turkestan, karabura, tradition of water use, irrigation system, ditch, canal, chigir.

*Досымбетов Н.А.\*<sup>1</sup>, Раздыков С.З.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Астана,  
младший научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова,  
г. Алматы, Казахстан  
E-mail: nur\_dos88@mail.ru*

*<sup>2</sup> Кандидат исторических наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Астана,  
E-mail: rasdikov@mail.ru*

## **СИСТЕМА ИРРИГАЦИИ КАЗАХОВ ДОЛИНЫ РЕКИ КЕЛЕС В XIX ВЕКЕ (ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛЕВЫХ ЭТНОГРАФИЧЕСКИХ ЭКСПЕДИЦИИ)**

### *Аннотация*

В статье дается всесторонний обзор ирригационной системы казахского населения долины реки Келес. Свидетельством того, что долина реки Келес была освоена древними цивилизациями является тот факт, что следы городищ и стоянок кангуйской культуры существуют и сегодня. В конце XIX века долина реки Келес входила в состав Алтынской и Болатской волостей Ташкентского уезда. В этот период население Келесской долины продолжает заниматься земледелием, орошая ее при помощи арыков. Большинство ирригационных сооружений долины сохранили названия соорудивших их племен и родов. Так же в статье рассматриваются работы русских путешественников и исследователей периода царского правительства, изыскания советских ученых водного хозяйства региона. Используются родословные книги (*шежіре*) различных авторов, позволяющие определить историю формирования и расселения племен в долине реки Келес. Приведены материалы полевых этнографических экспедиций, организованных автором в течении 2020-2021 гг.

**Ключевые слова:** Келес, Туркестан, Карабура, традиция водопользования, система ирригации, арык, канал, чигирь.


**Кіріспе.** Келес өңірінде ежелден көшпелі шаруашылықпен қатар отырықшылық мәдениет қатар дамыған. Келес өңірінде ежелден егіншілік пен қала мәдениеті қалыптасқан. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында-ақ Шыршық өзенінің оң жағалауынан Зах каналы, сол жағалауынан Ханымарық каналы қазылған. Осының өзі-ақ Келес алқабы ежелден отырықшылыққа бейім өңір болғандығын дәлелдей түседі (1-сурет). Аталмыш өлкеде қаңлылардың қауыншы мәдениетіне тән болған халықтар мекен еткен. Бұл мәдениеттің жергілікті халқы мал шаруашылығымен қатар суармалы егіншілікпен де айналысқан.

Қазіргі таңға дейін Келес өңірінің халқы егіншілікпен айналысып келеді. XIX ғасырдың аяғында өңірді мекен еткен қазақ ру-тайпалары Келес өзенінен саға<sup>1</sup> алып, арық қазып, егін еккен. Аталмыш арықтардың халық бүгінгі күнге дейін игілігін көріп келеді. Бұл өңірдің арық атаулары негізінен ру аттарымен аталған. Арықты қазуға басшылық еткен адамның есімімен, қазуға атсалысқан рудың атымен және судың немесе жердің табиғи ерекшелігіне байланысты арықты атау дәстүрі қалыптасқан.

**Мақсаты.** XVIII-XIX ғасырларда халықтың ұйымдасуымен қолмен қазылып бүгінгі таңға дейін елдің игілігіне қызмет етіп келе жатқан Келес өзені бойындағы қазақтардың суландыру жүйесін далалық этнографиялық материалдар негізінде талдау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

---


<sup>1</sup>Саға деп өзен-судың негізгі арнаға құяты жерін айтады. Яғни, арық арнасының өзеннен бастау алатын тұсы «арық сағасы» болып табылады. Бұл жөнінде қазақ халқында «Сағадағы су ішеді, Аяқтағы у ішеді» деген мақал қалыптасқан.



1-сурет. Шыршық және Келес өзендері бойындағы ағын су жүйелерінің сызбасы. Келес ауданы «Қазсушар» мекемесінің сызба картасы.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалада тарих ғылымының негізгі әдістерінің бірі жүйелілікке басымдық берілді. Аталмыш әдіс тақырып аясындағы осы кезге дейін назардан тыс қалып келген мәселелерді айқындауға ықпал етеді. Мақаланы жазу барысында, салыстырмалы әдісті қолдану арқылы тақырып аясында туындаған сұрақтарды жан-жақты қарастыруға мүмкіндік туады. Сондай-ақ, этнографияның негізгі зерттеу әдісі болып табылатын «сұхбат алу әдісі» қолданылып жергілікті информаторлардан мәліметтер алынды. Бұл қарастырылып отырған тақырыптың объективтілігін арттыра түсуге мүмкіндік береді. Ғылыми мақаланы жазған авторлардың бірінің (Н.А. Досымбетов) 2020-2021 жылдары Түркістан облысы Сарыағаш және Келес аудандарында жүргізген далалық этнографиялық экспедициясы кезінде жинақталған материалдар негіз болды. Сонымен қатар, «Қазсушар» мекемесінің Түркістан облысы, Келес ауданы бөлімі тарапынан берілген мәліметтер қамтылды. Зерттеу жұмысында қазан төңкерісіне дейінгі авторлардың еңбектері қолданылды. Арық қазуға атсалысқан ру-тайпалардың орналасқан жерлерін нақтылай түсу үшін шежірелік еңбектер де қолданылды.

**Талқылау.** Келес өзені бастауын Алатаудың батыс сілемдеріндегі шағын өзендер мен бұлақтардан алады. Өзеннің жоғарғы ағысында арнасы тар болып, жылдың құрғақ мезгілінде суының көлемі азаяды. Оған Ташкенттің тұсында сағасын Шыршық өзенінен алатын Зах-арық каналы құйып, Келестің суын толықтырады [1, 102 с.]. Қапқанбек ауылынан төменгі тұстан Келес өзені екі алқапқа бөлініп, ортасында тоғайлы адырлы дала жатыр. Біреуін Су Келес, екіншісін Құр Келес деп атайды [2, 162 с.]. Соңғы алқаптың атауы Зах-Арық каналы салынғанға дейін оң жақ алқаптың шынымен құрғақ болғанын көрсетеді, өйткені Келестің суы оның негізгі аңғарын толық суаруға әрең жететін. 1887 ж. жарық көрген еңбегінде Е.Смирнов Келестің төменгі ағысы айтарлықтай жақсы деңгейде игерілгендігін, ал судың жетіспеушілігі салдарынан егіншілікке жарамды барлық аймақтарды жандандыруға мүмкіндік бермей жатқандығын атап өтеді. Автор бұл олқылықтың таяу арада ішінара болса да жойылатындығын, өйткені Шыршық өзенінен Келестің орта ағысы бағытында тартылған жеке арнадан бөлек, Зах-Арық пен Ханым-Арық шағын каналын ұлғайту жұмыстары қолға алынғандығын ескертеді. Олардың төменгі желісі (Шадман каналы арқылы) Ташкент қаласының солтүстігіндегі құнарлы адырлы даланы суарып, олардың суының барлық артығы Келеске құйылады, сөйтіп оның аңғарларында жер өңдеудің қарқын алуына әсер етеді [3, с. 99]. Келес өзені Қазығұрт тауынан жылымшылап ағып, арнасы кеңейе береді. Кейіннен Келес өзенінің арнасын өзгертіп, қазіргі Келес өзені қалыптасқан. Бір кездері су жүрген Келестің ескі арнасының орны жатыр. XIX ғасырда Келес өзенінің су қазіргіге қарағанда арнасы кең, суы да мол болған (2-сурет).



2-сурет. Келес өзені. 1910 ж. Н.А. Гавриловтың  
«Переселенческое дело в Туркестанском крае» атты еңбегінен.

**Арық қазудың өңірлік тәсілдері.** Келес өзенінің бойындағы алқаптың жері негізінен адырлы болып келгендіктен, арықтың суын биікке шығару үлкен еңбекті талап етеді. Сондықтан өзеннің арыққа саға алатын тұсын тоған салу арқылы бекіткен. Суды бөгеу үшін қарабура атты халықтық тәсіл қолданылған. Қарабура жасау үшін 10 метрдей қыл арқанды ұзынынан тастайды. Дәл солай арасын 1 метр тастап тағы параллель қылып тағы екінші, үшінші, төртінші арқан қатарластырыла қойылады. Сосын тасталған қыл арқандардың үстіне ағаш, жиде, жыңғыл сынды бұтасын өсімдіктерді тастайды. Үсті-үстіне тасталған ағаштар адамның көкірек тұсына келген кезде айналдыра қысып орайды. Одан кейін алдымен қолдың күшімен, соңынан түйемен тартып, нығыздап байлайды. Осындай әдіспен суды бөгеуге жеткілікті қылып бірнеше қарабураларды дайындап алады. Дайын болған қарабураларды өзеннің ағысы алып кетпеуі үшін тоған бекітетін тұсқа қазықтар қағылады. Қазық қағылған жерден 200-300 метр жетер-жетпес жерден алдын ала дайындалған қарабураларды өзенге тастайды. Өзеннің ағысымен қарабураны қазық қағылған тұсқа келіп бөгеледі. Осы тәсілмен қарабураларды суға қатар-қатар тастап өзенді екі жағынан буады. Сөйтіп өзенді бөгеген соң, жаңа қазылған арыққа су жібереді (I).

Арық қазу жұмыстарын бастамас бұрын ауылдың билері жұмыстың сәтті аяқталуын Құдайдан тілеп, арық саға алатын тұсқа қойды апарып сойып, құрбандық шалып, халыққа ас берген. Халыққа наурыз көжелерінді көптеп әкеліндер деп тапсырма берген. Меске құйып апарып халыққа ас беріп, арық қаздырған. Информатордың мәліметінше, «кімнің кетпені үлкен болса, соншалықты қарның тоқ болады», – дейді екен. Мұның себебі арық қазып жатқан адам көп болғандықтан, ыдыс-аяқ жетіспейді. Пісірілген палауды кетпендеріне салып береді. Содан кімнің кетпені үлкен болса, соған сай тамақ та көп салынады (II). Тоған бекіту, арық қазу жұмыстарына өңірді мекендеген барлық рулардың өкілдері атсалысқан. Ауылдың әйелдер қауымы жасаған наурыз көжені арық қазушыларға апарып, тамақпен қамтамасыз етіп отырған. Ол кезде міндетті түрде ауыл наурыз көжені арық қазушыларға апарып беретін.

Арықты адамдар үш қабат болып тұрып қазады екен. Астындағысы 1-2 метр жерге жоғарыға лақтырады. Екінші тұрған адам өзінен әрі қарай биікке тағы 1-2 метрге асырады. Үшіншісі өзінен жоғары көтеріп сыртқа шығарады. Сыртта тұрған адам арықтан шыққан топырақты тегістеп, реттеп отырады. Осы ретпен тоқтаусыз арықтың арнасы қажетті көлемге жеткенше қазатын болған (II). Арық тазарту жұмыстары егін маусымы тоқтаған мезгілде, яғни қыс айларында атқарылған. Аталмыш мезгілде арық-тарды тазартып көктемгі егістікке дайындайды. Арықтың ішіне судың ағысымен жиналған құм-топырақ пен шөп-шаламды арнасынан асырып, сыртқа шығарып тастайды. Бір жыл тазаланбаған арықтың арнасы тола бастайды. Сондықтан, арық тазарту жұмыстары жыл сайын жүргізуді талап етеді [4].

**Арықтардың қазылу тарихы.** Патша үкіметінің тұсында Келес алқабын суландыру мақсатында Шыршық өзенінен арық қазу мәселесі қарастырылды. Осы бағытта жұмыстарды атқару үшін 1881 ж. Құрама уезінің ирригация басқармасының ұйытқы болуымен Ташкенттің солтүстігіндегі 16000 десятина<sup>2</sup> шамасындағы жерді суландыру бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жобасы дайындалды. Жоба бойынша Шыршықтан ұзындығы 120 верст<sup>3</sup> болатын арық тартып Шарапхана почта бекеті тұсынан Келес өзеніне қосу жоспарланды. Шығын көлемі 130 000 рублді құрайтын бұл жобаның негізгі ұйымдастырушысы патша әулетінен шыққан Константин Николаевич Романов еді. Бірақ, бұл жоба қаржы аздығына байланысты Түркістан генерал-губернаторы Колпаковский тарапынан тоқтатылды. Ал жобаның авторы Константин Николаевич Романов жобаны аяқтау үшін 100 000 рубль қаржы құйып, суландыру нәтижесінде игерілетін жерлердің иелігінен бас тартатындығын мәлімдеді. Сөйтіп, Шыршық өзенінен (Ташкенттен 50 верст жердегі Шымбайлық елді мекенінің тұсынан) саға алатын каналды қазу жұмыстары басталып кетеді. Арық қазу жұмыстарына жергілікті тұрғындар атсалысып, халықтық тәсіл қолданылды. 1885 ж. күзінде ұзындығы 50 верст болатын император III Александрдың құрметіне «Ескендір» аталған арық қазу жұмыстары аяқталып, қараусыз қалған Шадман каналына жеткізіледі. Нәтижесінде, Шыршық өзенінен тексеру үшін жіберілген су Ақжар пошта бекетінен 3 верст төменнен Келес өзеніне құйылады [5, 337 с.].

Тартылған арықтың нәтижесінде суландырылатын жерлерден қазу жұмыстарына қатысқан жергілікті халыққа үлес берілді. Ұйымдастыру жұмыстарына халық арасынан арық ақсақалдары сайланып, қазынаға қаржы түсіру жүзеге асырылды. Бұл жобаның басты ерекшелігі патша үкіметі тұсындағы Орта-лық Азия бойынша алғашқы қазыналық-мемлекеттік канал болғандығында еді. Аталмыш құрылыс жұмыстарының жартылай ғана жүзеге асып, алғашқы жоспар бойынша Шарапханаға жеткізілмегеніне Константин Николаевич Романов жобаның жүзеге асырушы авторы ретінде өз өкінішін білдіреді<sup>4</sup> [5, 337 с.].

Келес өңірінің өркендеуіне үлес қосқан тұлғаның бірі Етжемес Ешан ата шамамен 1867 жылдары осы өңірге келген. Өздеріне діни білім беріп, ұстаздық етсін деген мақсатта осы өңірді мекен еткен Шанышқылы тайпасының Бесуыл және Әжіке рулары ишанды Ташкент маңынан арнайы алдыртқан екен (III). Ишан баба халықты ұйымдастырып Кескен деген жердің тұсынан Келеске қарабура әдісімен тоған құрып, арық қаздыртып, биік жерге су шығарған. Арықты биік жерге шығару үшін жерді қуыс қылып, біраз жерден кейін қайта жер бетіне шығарып қазады<sup>5</sup>. Осылай арықтың кей тұсы жердің бетімен, кей тұсы жердің астымен қазылып, ауылға су әкелінді. Аталмыш «Ешан баба арығы» 1985-86 жылдарға дейін халықтың игілігіне пайдаланылған. Арықтың тағы бір атауы жерді кесіп өткесін, халық арасында Кескен деп те аталған. Кейіннен Бөлтек Аязбаев деген бригадир арықты тегістетіп, басқа тұстан арық қаздыртқан. Бүгінгі күнде тоғанның орны сақталмағанымен, арықтың кейбір тұстағы орындары сақталған. Етжемес Ишан баба су шығарып, ағаш ектіріп, бауға айналдырған. Бұл жер бүгінгі күнде «Ешан бауы» деп аталады<sup>6</sup>. Бұл жерде негізі бес арық болған екен. Олар: Әжіке арық, Мамыт арық, Ошақты арық, Шошым арық, Ешан арық. «Кезінде ақсақалдар бес арықтың суы бес елге баратын еді деп айтушы еді», – дейді информатор (II).

Өңірде егін шаруашылығымен айналысқан тайпаның бірі Шанышқылылар<sup>7</sup> XIX ғасырда Қапал уезіндегі Алтынемел тауларын, Верный уезінде Түрген өзені бойын, Әулиеата уезінде Талас және Ташкент төңірегіндегі Шыршық пен Келес өзендерінің алқабын мекен еткен. Аталмыш рудың шежіресін тарқатсақ, өңірдегі арық қаздырған аталардың есімдері кездеседі. Шанышқылының Күрпік атасынан Мамыт, Араншы, Әжіке, Бесуыл, Сұрым, Қият тарайды. Дарханнан Құлтума, Еңкес,

<sup>2</sup>Десятина – жер көлеміне қатысты орыс халқының ескі өлшем бірлігі. 1 десятина 1,09 гектарға тең. Тексте көрсетілген 16000 десятина шамамен 17440 гектар болады.

<sup>3</sup>Верст – бес жүз саженге немесе мың бес жүз аршынға тең орыстың ертедегі ұзындық өлшем бірлігі. Шамамен 1 верст 1066,8 метрге тең.

<sup>4</sup>Егер де каналдың суы Келес өзеніне Шадман арығы арқылы емес, жоба бойынша одан әрі жалғастырылып Шарапхана бекеті тұсынан құйылғанда суландыру жүйесінің мүмкіншілігі 40 000 десятинаға дейін жететін еді.

<sup>5</sup>Информатордың мәліметі бойынша аталмыш арықтың қазылу тәсілі кәріз жүйесіне ұқсайды. Кәріз – егінді суаруға пайдалану үшін жер астынан көлбей қазу арқылы жер асты суларын жер бетіне шығаратын суландыру арнасы.

<sup>6</sup>Ишан баба халыққа ілім үйретумен қатар Абайдың орталығынан мешіт салдыртқан. Сонымен қатар, халықты сауда-саттыққа үйретіп, базар ашқан. Базар болған жерге ақырындап халық қоныстанып, үлкен ауылға айналып, «Ешан базар ауылы» атанған [12, с. 190]. Кеңес үкіметі алғашқы жылдары Ешанның атын жою мақсатында Абай базар деп атаған. Кейін базары несі «Абай саудагер болған ба?» деп атауындағы базарды алып тастаған. Сөйтіп, бүгінгі Келес ауданының орталығы Абай ауылы қалыптасқан.

<sup>7</sup>Шанышқылы руы – Ұлы жүздің құрамына кіреді.

Шошым, Оршақ тарайды [6, 107-108 б.]. Келес өңірінде Шанышқылы руының аталған аталарының барлығының атауымен аталатын арықтар кездеседі.

Келес өңіріне Шанышқылыдан тарайтын Дархан руы Ташкент қаласы маңынан келген. Дархандар Ташкент өңірінде мекендеген кезде де арық қазып, егіншілікпен айналысқан. Бүгінгі күнге дейін Ташкент қаласындағы халық игілігіне қызмет етіп жатқан Дархан<sup>8</sup> және Салар арықтары аталмыш рудың бабалары тарапынан қазылған. Келес өңіріне қоныс аударған соң Дархан руының өкілі Алаш әр атаны жеке-жеке қоныстандырып, өздеріне арық қаздыруға мұрындық болған. Атап айтқанда, Шошым, Құлтума, Оршақ, Еңкес арықтары қазылған [7, 16 б.].

**Шошым арығы** сағасын сулы Келес өзенінен, «Келес» ауылына жақын жерден қойылған тоғаннан алады. Арық одан әрі Дархан елді мекенінен өтіп, Келес өңірін суландырады [8, 286 б.]. Кеңес Одағы тұсында ескі арықты қайта жаңғыртады. Нәтижесінде 1958 ж. ұзындығы 13,4 км. 2,7 мың га жерді суландыратын Шошым каналы пайдаланылуға берілді [9, с. 36].

**Бесуыл арығы** – Келес өзенінің оң жағасынан тартылған арықтың бірі. Аталмыш арықты егін шаруашылығына басымдық берген Шанышқылы руының Бесуыл атасының ұрпақтары қаздырған. Бастапқы кезеңде арық «Теріс арық», «Ішкі арық», «Қабыл арық» деп аталатын тармақтары да болған. Бірақ, 1960 жылдан кейін Бесуыл арығының жанама тармақтары тегістеліп, негізгі саласы ғана қалдырылған [8, 153-154 б.]. Бүгінгі таңда аталмыш арық мыңдаған жерді суландырып, жергілікті тұрғындардың егін шаруашылығымен айналысуына мүмкіндік туғызып жатыр.

**Рамадан арығы** сағасын Келес өзенінің оң жағасынан алады. Аталмыш үлкен арық 1870 ж. Рамадан руының<sup>9</sup> өкілдері тарапынан қазылғандықтан «Рамадан арығы» атанған [10, 116 с.]. Рамадан руының Балғалы атасы Су Келес, Құр Келес өзендерінің алқабын жаз кезінде жайлаған [11, 274 б.]. Рамадан арығы Сарыағаш қаласының солтүстік-батыс тұсынан (бұрынғы керамзит зауыты болған жер) екіге бөлінеді. Бірінші тармағы темір жолдан өткен соң жолды жағалай отырып (арасы 200-400 м) Алғабас ауылына дейін тартылған. Бұл арық Алғабас және Құркелес ауылдарының егістік жерлерін суландырады. Екінші тармағы Орталық ауылының солтүстік-шығыс тұсынан темір жолдан өтіп Еңкес ауылының солтүстігіне дейін созылып жатыр. Арықтың бұл тармағы Орталық, Жанаарық ауылдарының және Еңкес ауылының солтүстігіндегі егістікті сумен қамтамасыз етеді. Бұл тармақ Кескен арығын дюкер арқылы кесіп өтеді.

1890-1895 жылдары Рамадан арығының арнасы темір жолға дейін ғана болған екен. Кейіннен Дархан руының Оршақ атасының ұрпақтары Рамадан арығын одан әрі созырып, қазады. Қазылған арық осы күнгі Тері аурулары диспансері жанынан оңтүстікке қарай бұрылып, мазарға жеткеннен кейін қайта-дан солтүстікке бұрылады да Орталық ауылдың батыс жағындағы шлюзге дейін жетіп, одан Жанаарық ауылына дейін созылған. Арық Оршақ арығы деп аталған [8, 285 б.]. Рамадан арықтың атауы 1911 жылы жарық көрген Н.А. Гавриловтың «Переселенческое дело в Туркестанском крае» атты еңбегінде кездеседі. Бұл еңбекте қоныстанушылар мекендеген Мищенко елді мекенінің суармалы жерлері Рамадан арық пен Келес өзендерінің аралығындағы жіңішке алқапта орналасқандығы айтылған [13, с. 31].

**Кескен арығы** сағасын Келес өзенінен Сарыағаш қаласының шығысындағы Зональный деген жерден алады. Арықтың саға алар жеріне тоған орнатылған. XX ғ. басында аталмыш арық Жанаарық ауылының оңтүстік тұсында төрт тармаққа бөлінген. Бұл тармақтар – Әлсейіт, Кескен, Еңкес және Құлтума арықтары.

**Әлсейіт арығы** Кескен арығының бір тармағы болған. Әлсейіт арығының ертеректегі арнасы Жанаарық ауылының батыс тұсынан (Кескен арығының шығыс жағы), одан әрі ауылдың солтүстігімен өтіп, қазіргі Құркелес ауылының орталығына дейін созылып жатқан. XX ғ. 30-40 жылдары Әлсейіт арығынан су дұрыс ақпаған соң, арнасы бітеліп, орны тегістелген.

**Кескен арығының** арнасы Мичурин ауылының шығыс тұсында Сарыүйсін және Қаратұқым атты екі тармаққа бөлінеді. Сарыүйсін арығы Құрлы Келес ауылының батыс тұсына жеткенде одан тоған арқылы Ақпарақ арығына су бөлінеді. Сарыүйсін арығы осы күнгі Жаңаталап, Қызыл Қазақстан, Тегісшіл және Мәдениет ауылдары жанынан өтіп, Абай елді мекеніне дейінгі жерлерді суландырған.

**Ақпарақ арығы** Құрлы Келес өзенінің оңтүстік жағында қатарласып қазылған. Қаратұқым арығы ең алғаш Алғабас ауылының солтүстік жағындағы, «Төрт там», Батырлар мазары, «Ақтам», Жаңаталап ауылдарынан өтіп «Құрысай» ауылына жақындап, үлкен алқапты айналып Сарыүйсін

---

<sup>8</sup>Дархан арығы өзінің сағасын Өзбекстан Республикасы, Шыршық ауданы, Жаңабазар елді мекеніндегі Қарасу өзенінің Жоғары Шыршық ауданының Жаңабазар елді мекеніндегі Қарасу өзенінің оң жағасынан алған.

<sup>9</sup>Рамадан руы Кіші жүздің Жетіру бірлестігіне кіреді.

арығына дейін қазылған. 30-жылдары Алғабас ауылына жетпей, Батырлар мазарына қарай бұрылған. Еңкес арығы Мичурин ауылының күнбатыс-солтүстік жағындағы «Шынар ағаш» деген жерге дейін тартылған [8, 285-286 б.].

**Құлтума арығы** Еңкес және Кескен арықтарымен қатар қазылған. Бүгінгі таңда аталмыш арық «Еңкес» ауылынан өтіп «Каганович» деп аталатын жаққа тартылып «Изолятор» деген жердің түстік жағында екі тармаққа, бірі «Каганович» аймағына, екіншісі үлкен жолдың «Дархан» бұрылысынан «Тегісшіл» ауылына баратын жолды кесіп өтеді [8, 286 б.].

**Ошақты каналы** – сағасын Келес өзенінің Ораз ата ауылының тұсынан алатын ірі суландыру жүйесі. Жергілікті халық «Ошақты арық» атап кеткен аталмыш каналдың ескі арнасы шамамен XIX ғасырдың екінші жартысында қазылған. Ошақты алғашында арық деңгейінде болып кейіннен арнасын кеңейтіп бетондалған үлкен каналға айналдырылған (3-сурет). Нақтырақ айтқанда, Ошақты канал ретінде 1927 ж. пайдаланылуға берілді. Каналдың жалпы ұзындығы 10,6 шақырымды құрап, 11,3 мың га жерді суландырады [9, с. 35]. Каналдың Абай ауылының ішіндегі ағысында темір су шығырлар<sup>10</sup> орнатылған. Аталмыш су шығырлар ауыл тұрғындарының есік алдындағы шағын бау-бақшасын аяқсумен қамтамасыз етеді [4].

**Араншы арық** алғашқы кезде сағасын Келес өзенінен тікелей алған екен. Аталмыш арықты Шанышқылы руының Араншы атасының биі Әбдірахман жергілікті руларды ұйымдастырып қаздырған (IV). Кейіннен Кеңес Үкіметінің кезінде Ошақты каналының Абай ауылының тұсынан саға алынған. Бұрынғы кезде Араншы арық арнасы кең, суы терең болған. Қазіргі кезде Араншы арықтың Абай ауылының ішіндегі арнасы бетондалып, ауыл халқының есік алдындағы бау-бақшасын аяқсумен қамтамасыз етеді. Одан әрі Абай ауылынан батысқа қарай ағатын арық Келес өңірінің егістік алқаптарын суландырады [4].



3-сурет. Ошақты каналы. Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы. 2021 ж.

**Маңғыт арық** ұзындығы шамамен 10 км-дей болатын ертеректе қазылған суландыру жүйесі (4-сурет). Маңғыттар<sup>11</sup> бұл өңірге 3 ғасыр бұрын Ташкент маңынан келген екен. Егіншілікпен айналысу мақсатында Маңғыттар Келес өзенінен арық қазған (I). Халықты астықпен қамтамасыз ету үшін суармалы егіншілік жасау қажет болған. Бұл өңірдің жері суармалы егіншілікті талап етеді (V). Арықтың ені 2 м., тереңдігі 1 м. шамасында болып келеді. Қазіргі таңда жергілікті халық Маңғыт арықтан өз жерінің тұсынан (шамамен 1 гектар сайын) құлақ<sup>12</sup> ашып, егістігіне су алады. Құлақтың

<sup>10</sup> Шығыр сөзінің орнына жергілікті халық «чархпалак» деп өзбек тіліндегі ұғымды қолданады. Бұл Өзбекстанмен шекаралас болуының әсерінен туындаған.

<sup>11</sup> Маңғыттар – ортағасырларда Орта Азияда ықпалды түркі-моңғол тайпасы. Қазіргі таңда қазақ шежіреші-лері Қазақстандағы Маңғыттарды бір деректерде Ұлы жүздің Шанышқылы руына кіргізсе, кейбірі Орта жүздің Қоңырат тайпасына, ал басқалары мүлдем жүзге жатпайтын рулардың қатарына қосады. Бүгінгі таңда Келес өңіріндегі Маңғыттар бір ауылдың халқын құрайды. Нақтылап айтқанда, Түркістан облысы, Келес ауданы, Қызылөскер елдімекенінде шоғырланған.

<sup>12</sup> Құлақ – егінге су жіберетін арықтың аузы, жолы. Арықтың құлағын ашқан соң, су егінге кіші арық арқылы тарап, жүйектерді қуалап тарайды. Суды бөгеп тұрған жерін ашып, егінге су жіберуді «құлақ ашу»

арнасындағы судың тереңдігі 15 см, жалпы биік тұсы 70 см. Ал, арықтан оқарыққа<sup>13</sup> дейінгі тартылған су арнасының ұзындығы 12-13 м болып, тіке немесе жердің ыңғайына қарай бұрылып қазылады [4].



*4-сурет. Маңғыт арық. Түркістан облысы, Келес ауданы, Қызыләскер ауылы. 2021 ж.*

**Оймауыт арық** ұзындығы 27,7 км. құрайтын үлкен магистральды канал (5-сурет). Оймауыттар Келестің Сырдарияға құятын тұсындағы Күлтөбеде отырған. Айтмұхамед Артықбаевтың мәліметінше, алғашқы кезде Оймауыт руы суды Маңғыт арығынан алған. Олардың арығы болмағандықтан маңғыттың ақсақалдарынан рұқсатын алып, Маңғыт арықтан өздеріне арық тартқан (I). Келесті жағалай Қаратөбеге дейін арық кеткен, одан ары қарай өздері жалғастырып қазған. Кеңес үкіметі тұсында су жүйесінде қалыптасқан заң бойынша, қандай шаруашылық сол каналдың ең етегінде отырса, сол жерге су әкелетін үлкен каналдардың атына сол етектегі ауылдың аты берілген. Дәл осы себепке байланысты арықтың ең аяғында, яғни Келес өзенінің Сырдарияға құяр тұсындағы Күлтөбе деген жерде шағын ауыл болып отырған Оймауыт руының атауы үлкен магистральды каналға берілген (6-сурет). Ал, Маңғыт арық Оймауыт каналынан су алатын екінші деңгейлі арық болып қалған. Қазіргі таңда аталмыш арық жергілікті тұрғындардың егістік алқаптары мен тұрғын үйлерінің ауласындағы бау-бақшасын аяқсумен қамтамасыз етіп отыр [4].

---

десе, ал сол тұсты бекітіп, судың жолын бөгеуді «құлақ байлау» деп атайды. Аталмыш ұғымға байланысты егінге жіберілетін судың өлшем бірлігі ретінде қолданылатын «құлақ су» ұғымы қалыптасқан.

<sup>13</sup>Оқарық – бас жағынан ұзына бойы қазылатын кіші арықтың жергілікті атауы. Құлақ арқылы арықтан алынған су оқарыққа құйылып, одан әрі егіннің жүйектеріне тарайды.





5-сурет. Оймауыт арық. Түркістан облысы, Келес ауданы, Көгертү ауылы. 2021 ж.



6-сурет. Оймауыт арыққа орнатылған су шығыр.

**Қият арық** өзінің сағасын Маңғыт арықтан алады. Ұзындығы бар-жоғы 1 шақырым ғана болатын шағын арық. Ауылы аралас, қойы қоралас мекен еткен Қият руының<sup>14</sup> Маңғыттардан суы алуы заңдылық еді. Қыз алысып, қыз берісіп жүрген рулардың арасында шаруашылық мақсатында келісімдер жүзеге асып отырған (I). Яғни, рулар арасында арықтағы суды пайдалануға байланысты шаруашылық-экономикалық қарым-қатынастар аясында шешілген.

**Найман арық** – Маңғыт арықтан саға алған шағын арықтың бірі. Аталмыш арықтың ұзындығы 3 км болып, шамамен 20-30 га егістікті суландырады. Найман руының<sup>15</sup> ұрпақтары бұл өңірге әр кезеңде қоныстанып, жеке ауыл болып қалыптасқан (I). XIX ғасырдың аяғындағы Сырдария облысы туралы статистикалық еңбектерде найман арықтың бойында 48 шаңырақ мекен еткендігі келтірілген [14, с. 174-175].

**Қорытынды.** Келес өзенінің бойын мекен еткен қазақтардың ру-тайпалары XIX ғасырдың орта шенінде арық қаздыртып, егін шаруашылығымен айналысқан. Бұл өңірдегі арықтардың дені ру-

---

<sup>14</sup> Қияттар – ежелгі моңғол тектес тайпалардың бірі. XV-XVI ғасырларда қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарының құрамына сіңген.

<sup>15</sup> Наймандар – қазақтардың Орта жүзге кіретін іргелі руларының бірі.

тайпалардың аттарымен аталған. Қазақ халқының арық қазу үдерісінде атау берудің өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Атау беретін кезде арық қазуды ұйымдастырған тұлғаның немесе қазуға атсалысқан рудың атауы берілген. Кейде арықтың жер жағдайына байланысты ерекшелігі де ескерілген. Осы атау берудің қалыптасқан дәстүріне сүйенсек, арық атауларына қарап бұл өңірді мекендеген рулардың атаулары қойылғандығына көз жеткіземіз. Ең алдымен, осы өңірді мекен еткен Шанышқылы тайпасы тараған рулардың аттары арық атауларына көп қойылған. Ұлы жүзге кіретін Ошақты мен Кіші жүздің Жетіру бірлестігіндегі Рамадан руларының атауларымен де арықтар кездеседі. Сонымен қатар, жүзге кірмейтін Маңғыт, Оймауыт, Қият рулары да егін егіп, арық қаздырған.

#### **Дерек берушілер:**

I. Артықбаев Айтмұхамед. 1932 ж.т., Лесбек батыр ауылы, Келес ауданы, Түркістан облысы. Руы: Маңғыт.

II. Арипов Хасан Аббасұлы. 1957 ж.т., Ораз ата ауылы, Келес ауданы, Түркістан облысы. Руы: Қожа – Сейіт.

III. Исаев Оңғар Мекенбайұлы. 1951 ж.т., Қасымбек ауылы, Қарасай ауданы, Алматы облысы.

IV. Айтілеуов Нұртас Әбдіұайтұлы. 1962 ж.т., Абай ауылы, Келес ауданы, Түркістан облысы. Руы: Қоңырат – Божбан.

V. Жанықұлов Оразбай Шәменұлы. 1960 ж.т., Лесбек батыр ауылы, Келес ауданы, Түркістан облысы. Руы: Маңғыт.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Издание Туркестанского Статистического комитета. Под редакцию И.А. Маева. Выпуск I. – СПб., 1872.*

2. *Дингельштедт Н.А. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область. – СПб.: Тип. Министерства Путей Сообщения, 1893. – 366 с.*

3. *Смирнов Е. Сыр-Дарьинская область. Описание, составленное по официальным источникам. – СПб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1887. – 343 с.*

4. *АДЭМ – Автордың далалық этнографиялық материалдарынан.*

5. *Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. С картами и планами. Т. III. – СПб.: Типо-литография А.В. Комарова, 1906. – 496 с.*

6. *Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында (Құраст.: Ә.Пірманов). – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.*

7. *Темірбайұлы О., Ахметкәрімұлы С., Омарұлы С. Шанышқылы. Дархан елінің шежіресі. – Ташкент: Тұран баспасы, 2006. – 134 б.*

8. *Сарыағаш-Келес. Ауыл анықтамасы. Құрастырушы Ж. Аяшев. – Шымкент: Ғасыр-Ш, 2005. – 352 б.*

9. *Водное хозяйство Казахстана. Под общ. ред. С.М. Сарсембаева. – Алма-Ата: «Кайнар», 1971. – 192 с.*

10. *Скворцов А.Е. Из прошлого ирригации Ташкентского района // Вестник ирригации. Ежемесячный журнал управления водного хозяйства Средней Азии. №1. Январь 1926 г. – Ташкент, 1926. – С. 111–116.*

11. *Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Рамадан. VII том. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. – 444 б.*

12. *Лыкошин Н.С. Пол жизни в Туркестане. Очерки быта туземного населения. – Петроград, 1916. – 415 с.*

13. *Гаврилов Н.А. Переселенческое дело в Туркестанском крае (области Сыр-Дарьинская, Самаркандская и Ферганская). Чиновника особых поручений при Переселенческом управлении Отчет по служебной поездке в Туркестан осенью 1910 г. – СПб., 1911. – 337 с.*

14. *Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Издания Сыр-Дарьинского Областного Статистического комитета. Под редакцией И.И. Гейера. Т. III. – Ташкент: Типо-Литография торгового дома «Ф. и Г. Бр. Каменский», 1894. – 247 с.*

#### *References:*

1. *Ezhegodnik. Materialy dlya statistiki Turkestanskogo kraia. Izdanie Turkestanskogo Statisticheskogo komiteta. Pod redaktsiyu I.A. Maeva. Vypusk I. SPb., 1872. [In Russian].*

2. *Dingelshedt N.A. Opyt izusheniya irrigatsii Turkestanskogo kraia. Syr-Darinskaiia oblast. SPb.: Tip. Ministerstva Putei Soobsheniya, 1893. 366 s. [In Russian].*
3. *Smirnov E. Syr-Darinskaiia oblast. Opisanie, sostavlennoe po ofisialnom istochnikam. SPb.: Tip. M.M. Stasiylevisha, 1887. 343 s. [In Russian].*
4. *ADEM – Avtordyn dalalyq etnografialyq materialdarynan.*
5. *Terentev M.A. Istoria zavoevania Srednei Azii. S kartami i planami. T.III. SPb.: Tipo-litpgrafia A.B. Komarova, 1906. 496 s. [In Russian].*
6. *Argynbaev X., Muqanov M., Vostrov V. Qazaq shezhiresi xaqynda (Qurast.: A. Pirmanov). – Almaty: Atamura, 2000. – 464 b. [In Kazakh].*
7. *Temirbaiuly O., Axmetkarimuly S., Omaruly S. Shanyshqyly. Darxan elinin shezhiresi. Tashkent: Turan baspasy, 2006. 134 b. [In Kazakh].*
8. *Saryagash-Keles. Auyly anyqtamasy. Qurastyrushy Zh. Aiashev. Shymkent: Gasyr-Sh, 2005. 352 b. [In Kazakh].*
9. *Vodnoe xoziiastvo Kazaxstana. Pod obch. red. S.M. Sarsembaeva. Alma-Ata: «Kainar», 1971. 192 s. [In Russian].*
10. *Skvortsov A.E. Iz proshlogo irrigatsii Tashkentskogo raiona // Vestnik irrigatsii. Ezhemesyachnyi zhurnal upravleniia vodnogo xoziiyastvo Srednei Azii. №1. Yanvar 1926 g. Tashkent: Izdanie Vodxoza Sr.Az., 1926. S. 111–116. [In Russian].*
11. *Qazaq ru-taipalarynyn tarixy. Ramadan. VII tom. – Almaty: «Alash» tarixi-zertteu ortalygy, 2006. 444 b. [In Kazakh].*
12. *Lykoshin N.S. Pol zhizni v Turkestane. Ocherki byta tuzemnogo naselenia. Petrograd, 1916. 415 s. [In Russian].*
13. *Gavrilov N.A. Pereselencheskoe delo v Turkestanskom krae (oblasti Syr-Darinskaiia, Samarkandskaiia i Ferganskaiia). Chinovnika osobyh poruchenii pri Pereselencheskom upravlenii Otshet po sluzhebnoi poezdke v Turkestan oseniy 1910 g. SPb., 1911. – 337 s. [In Russian].*
14. *Sbornik materialov dlya statistiki Syr-Darinskoi oblasti. Izdania Syr-Darinskogo Oblastnogo Statisticheskogo komiteta. Pod redaktsiei I.I. Geiera. T. III. Tashkent: Tipo-Litografia torgovogo doma «F. i G. Br. Kamenskii», 1894. – 247 s.*